

УДК 336.7

**ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕРДЕГІ ПРОБЛЕМАЛЫҚ НЕСИЕЛЕРДІҢ
АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫНА ТАЛДАУ**

Рахимжанова К.К.

kalamkas.rakhimzhanova@mail.ru

Қаржы мамандығы, 2 курс докторанты

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: Мақыш С.Б.

Қазақстанның банктік жүйесінде - еліміздің қаржы нарығының орасан зор басымдық танытып отырған басты сегменті. Қазақстанның банктік секторын жүйелік талдау қазіргі таңда экономиканы несиелендіру мүмкіндіктерінің өсу қарқынын көрсетті. Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде клиенттерді несиелендірудің тиімді шаралар, жаңа өнімдер мен қызметтер ұсынылуда.

Несие портфелі сапасының нашарлауы банктердің тәуекел-тәбетінің төмендеуіне апарып соқтырады, бұл мақұлданатын несие өтінімдерінің төмен деңгейімен де расталып отырғаны белгілі. Көптеген банктер мақұлданатын несие өтінімдері деңгейінің артуын болжамайды. Қарыз алушылардың қаржылық жағдайының тұрақсыздығы, кепілге қойылған нысандарды ағымдағы нарық бағалары бойынша сатып алуға деген сұраныстың құлдырауына байланысты мерзімі өткен қарыздарды қайтару қарқынының айтарлықтай төмендеуі, банктер үшін ұлттық валютада қор жасау құнының жоғарылығы, несие

портфелінің валюталық бөлігін қайта бағалау – осы жайлардың барлығы «жұмыс істемейтін» қарыздардың мөлшерін арттыра түсіп, банктердің капиталына қысым тудыруда. Бұл ретте жұмыс істемейтін қарыздардың шынайы, нақты деңгейі қарыздарды қайта құрылымдау мен баланстан шығарудың есебінен байқалмай отырғаны да белгілі. Экономикалық өсу қарқынының құлдырауы жағдайында, қайта құрылымдау банктердің қолындағы қарыз алушылардың қарыз жүгін төмендету бойынша бірден-бір тетікке айналды.


Мұндай жағдайда жұмыс істемейтін қарыздардың ықтимал көлемі біршама жоғары болуы мүмкін. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі банк жүйесіндегі аса ірі қарыздарға талдау жүргізіп, қайта құрылымданған қарыздарды қоса алғандағы ықтимал NPL сомасы банктердің несиелер портфелінің 25%-ын құрайтынын анықтады.

«Жұмыс істемейтін» несиелер деңгейінің жоғары деңгейі тұрғысындағы проблема келесі жағдайлар бойынша күрделене түсіп отыр: алдағы уақытта келіп түсетін мүліктер мен ақша, сақтандыру төлемдерін төлеуден бас тарту үшін көптеген негіздемелері бар сақтандыру шарттары түріндегі банктердің кепілдік қамтамасыз ету сапасының төмендігі; жеке тұлғалар мен шағын кәсіпорындардың кепілдемелерінің төмендігі.

Жекелеген банктерде «жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі несиелер портфелінің 80%-нан асады. Кейбір банктерде, заң тұрғысынан алғанда банктің акционерлерімен тікелей байланыста болмаса да, жанама байланыстағы тұлғаларға қарыздар беру кеңінен таралған. Мұндай қарыздардың белгілі бір бөлігі қайтымсыз қарыздар болып табылады.

Осының алдындағы жылдардағыдай, жоғарыда аталған проблемалардың шешілуін тоқтатып қою немесе кейінге қалдыру банк секторындағы жүйелік тәуекелдердің айтарлықтай арта түсуіне апарып соқтырады.

Осындай практиканың кеңінен таралуы аудиторлар мен бағалаушылардың есептілік сапасы үшін жауапкершілігінің төмендігіне байланысты көптеген институционалдық кемшіліктердің орын алуынан, сонымен қатар, несиелік тәуекелдерді бағалау кезіндегі қадағалаушылық саралаудың жойылуы мен банктердің қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес провизияларды қалыптастырудағы рөлінің артуы себебінен мүмкін болды. Қаржы жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етудегі маңызды проблемалардың бірі банктердегі 90 күннен асып кеткен мерзімі өткен борыштарды азайту үшін көптеген шаралар жасақтау және оларды қаржы нарығының тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етудегі өзекті мәселелердің бірі.




1-сурет. 2018-2020 жж аралығындағы банк секторының несиелік портфелі жән ондағы 90 күннен асқан несиелер туралы, жылдың басы бойынша

Ескертпе – ҚР Ұлттық банкінің есептік материалдары негізінде құрастырылған [1]

1 қаңтар 2019 жылдың жағдай бойынша Қазақстан Республикасы банк секторының несиелер портфелі (негізгі берешек) 13 762,73 млрд.теңгені құрады. Бұл ретте 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар несиелер (NPL) 1 016,3 млрд теңгені немесе несиелер портфелінің 7,4%-ын құрады, ал 2020 жылы 0,7%-ға өсіп, 8,1%-ды құрады. Үш жылғы көрсеткіштерді салыстырмалы түрде алғанда 2018 жылы ең жоғары көрсеткішті құрап, 9,3%-ды құрады (1-сурет).

Отандық банктердің несиелер қоржынының сапасы бірнеше жылдар бойы өзгермеді, мемлекет тарапынан «жұмыс істемейтін» қарыздарды тазартуға байланысты саясатты белсенді түрде жүзеге асырмайынша және бұл мәселенің шешімі ұзақ жылдарға созылып

кетуі ықтималдылығы көрініс тауып отырғандықтан, сондай –ақ, басқа дамыған елдердегі «проблемалық» қарыздарды шешудегі тәжірибесі көрсетіп отыр. Яғни бұл, еліміздің коммерциялық банктердің бәсекеге қабілеттілігін, Бірыңғай Экономикалық Кеңістік аясында ынтымақтасу кезеңіде дүниежүзілік нарықтағы проблемалар артуы мүмкіндігі жоғары болады.



1-сурет. 2019-2020 ж.ж аралығындағы банк секторындағы 90 күннен асатын төлем мерзімі өткен несиелер үлесі жоғары екінші деңгейлі банктер (%) жылдың басы бойынша
Ескертпе – ҚР Ұлттық банкінің есептік материалдары негізінде құрастырылған [1]

2019-2020 жылдардағы мерзімі өткен несиелер ең жоғары үлесі «First Heartland Jysan Bank» 2019 жылы 40,62%-ды құрап, 2020 жылы 2,08%-ға төмендеді. 2019 жылы «First Heartland Jysan Bank» -де мерзімі өткен несиелердің мөлшерінің жоғарлауы, 2019 жылдың ақпан айында "First Heartland Securities "АҚ," Назарбаев Университеті", " Назарбаев Зияткерлік мектептері "дербес білім беру ұйымдары тобының қаржы холдингтік компаниясының инвестициялық бөлімшесі"Цеснабанк" АҚ-ның 99,5% жай акцияларын сатып алды. Сонымен қатар, «Проблемалық несиелер» қоры 604 млрд. Несиелерін сатып алды. Пәкістан ұлттық банктің Қазақстандағы ЕБ АҚ 2019 жылы 29,61%-ды құрап, 2020 жылы -5,92%-ға төмендеді. Бұл көрсеткіш банктің несиелер қоржынының оңтайланғанын көрсетіп отыр.

Capital Bank Kazakstan 2018 жылы – 18,06 %- дан, 2019 жылы – 57,26%-ды құрап, 3 есеге өсті. қыркүйек айында Capital Bank реттеуші пруденциалдық нормативтерді жүйелі түрде бұзғаны үшін үш рет айыппұл салды. Айыппұлдың жалпы сомасы 2,27 млн теңгені құрады. Ұлттық Банктің ақпараты бойынша, Capital Bank К4 өтімділік коэффициентін, К4-4 өтімділік коэффициентін және өтімділікті өтеу коэффициентін бұзды. NPL 90+ көлемінде, қыркүйек айының басында 11,6 млрд теңгеге тең болған жағдайда, банк қалыптастырған провизиялар көлемі 5,8 млрд теңгені құрайды. [2]

AsiaCredit және RBK банктерінде 2019 жылы проблемалық несиелер мөлшерінің жоғарлап, 2020 жылы едәуір төмендегін көріп отырмыз. Яғни AsiaCredit банкінде 2019 жылы проблемалық несиелердің мөлшері 19,7%-ды құрап, 2020 жылы 2%-ға төмендеді, 17,7%-ды құрап отыр. Ал, RBK банкінде 2019 жылы проблемалық несиелер мөлшері 16,2%-дан, 2020 жылы 10,38%-ды көрсетіп, 5,82%-ға төмендеді.

Коммерциялық банктердегі несиелер қоржынындағы «жұмыс істемейтін» несиелердің ағымдағы жағдайына қарамастан, ұлттық валютаның курсы түзетуға бағытталған іс-шара және макроэкономикалық ахуалдың нашарлай түсуі (еліміздің негізгі экспорттық ұстанымдарының бағасының төмендеуі) банк клиенттерінің көпшілігінің несиелер қабілеттілігін төмендетіп жіберді. Тиісінше, банктердің баланстарындағы проблемалық қарыздардың жоғары деңгейде сақталуы банктердің несиелік белсенділігін кері тартып отырған негізгі проблемалардың бірі болып қала беруде.

Жалпы, проблемалық қарыздардың коммерциялық банктердің қаржылық капиталына қысымын төмендету екінші деңгейлі банктердің қолданылатын стратегиясы мен бизнес-модельдерін қайта қарауы мен оңтайландыруына алып келеді. Банк функцияларын жаңа әрі

тиімді түрлерін, сонымен қатар цифрлық технологияларды дамытуға жіне кеңейтуге екінші деңгейлі банктің белсенділігін арттыру күтіліп отыр.

Бүгінгі күні ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктердің проблемалық несиелермен жүргізетін жұмыстарыне мыналар жатады:

- қарыз алушының қызметін қайта құру;
- несиені қайта құрылымдау;
- несиені қайтару кестесін өзгерту;
- пайыз (сыйақы) төлеу тәртібін өзгерту.

Қорытындылай келе, қандайда банктің болмасын тұрақты экономикалық дамуы – несиелік қоржынның сапасымен анықталады. Еліміздің өндірістік потенциалын қалыптастыру, ұдайы өндірістің үздіксіздігін қамтамасыз ету, жалпы алда тұрған әлеуметтік – экономикалық жоспарларды іске асыруда несиелік жүйесіз мүмкін емес. Сондықтан біріншіден, қазіргі кезеңде несиелік басқаруды жетілдіру арқылы, проблемалық несиелердің үлесін төмендетуге, екінші жағынан, проблемалық несиелер басқармасы немесе жұмыс жасау бөлімінің қызметін ұйымдастыруды дұрыс жолға қою қажет деп санаймынылуы қажет. [3]

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің баспасөз қызметі [Электрондық ресурс]. ҚР Ұлттық банкінің 2018-2020жж есептік материалдары: URL: <https://www.nationalbank.kz/?docid=146&switch=kazakh> (дата обращения: 15.01.20)
2. <https://kursiv.kz/news/banki/2019-09/capital-bank-priros-prosrochennymi-kreditami> (дата обращения: 28.03.20)
3. Рахимжанова К.К., Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейлі банктердің проблемалық несиелері және олармен жұмыс. Сборник трудов .Международной научно – практической конференции, посвященной 25 – летию национальной валюты Республики Казахстан «Модернизация Экономики Казахстана – фактор стабильности финансовой системы государство и национальной валюты». Евразийский национальный университет им Л.Н. Гумилева, 2018 г.173-176стр. ISBN 978-601-337-068-2